



Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

09.06.2022 жыл №19

Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті он сегізінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті он сегізінші сессиясы 2022 жылғы 22 маусымда, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының
хатшысы **Б.Байғараев**

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезекті он сегізінші сессиясы 2022 жылғы 22 маусым, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 22 маусымда, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2022 жылғы 22 маусымда, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1.2021 жылға арналған аудан бюджетінің орындалуы туралы.

2.Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

3.Сызған, Созақ ауылдық округі әкімдерінің есебі.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат хатшысы **Б.Байғараев**

Баспасөз-2022

2022 жылдың екінші жарты жылдығына аудандық «Созақ үні» газетіне жазылу жүргізілуде

«Қазпошта» арқылы
Жеке тұлғалар үшін-2279теңге
64 тиын,
Мекемелерге-6759 теңге 24 тиын
«Ернұр Пресс» арқылы
жеке тұлғалар үшін-2304 теңге.
Редакция арқылы
Жеке тұлғалар үшін-2250 теңге.

Жазылуға асығыңыздар!



Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарын құру туралы жарлық күшіне енді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 4 мамыр күні Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы Жарлыққа қол қойған еді. Онда жаңадан үш облыс құру туралы айтылған. Құжат бүгін, яғни, 8 маусымнан бастап күшіне енді, деп хабарлайды EgeMen.kz.

«1) Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы;
2) Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл,

Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы;

3) Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын» делінген Президент Жарлығында.

Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелген еді. Сондай-ақ ол 8 маусымнан бастап күшіне енетіні жазылған.

«Жарлық 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс» делінген құжатта.

Мемлекет басшысы ҚХР Сыртқы істер министрін қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің мүшесі, Сыртқы істер министрі Ван Иді қабылдады, деп хабарлайды EgeMen.kz Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Кездесу барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы ұзақмерзімді, жан-жақты стратегиялық серіктестіктің қазіргі ахуалы мен перспективалары, сондай-ақ халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы 30 жыл ішіндегі стратегиялық серіктестіктің деңгейіне жоғары баға беріп, Қазақстан мен Қытайдың өзара екіжақты кешенді байланыстарын нығайта беруге бейілді екенін айтты.

Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің алдағы күзде елімізге жоспарланған мемлекеттік сапары екіжақты қатынастарды дамытуға тың серпін береді деп үміттенетінін жеткізді.

«Биыл – өте маңызды жыл. Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толды. Қытайда коммунистік партияның XX съезін өткізу жоспарланған. Алдағы жоғары

деңгейдегі келіссөздер біздің стратегиялық серіктестігіміздің жылнамасына ерекше оқиға ретінде жазылады», деді Президент.

Сонымен қатар кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев қытайлық әріптесіне жүрежарды сәлемін жолдады және ҚХР-дың төрағалығымен өтетін жоғары деңгейдегі «БРИКС плюс» онлайн-диалогына қатысуға шақырғаны үшін ризашылығын білдірді. Онлайн-диалог жаңа дәуірде даму үшін жаһандық серіктестік орнату тақырыбына арналған.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасының жаһандық қауіпсіздік және даму саласындағы бастамасына қолдау білдіретінін айтты. Оның толыққанды жүзеге асырылуы әлемдік деңгейдегі қауіпсіздік пен сенімге жетпей тұрған олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы Мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Ван И Қасым-Жомарт Тоқаевқа Си Цзиньпиннің сәлемі мен еліміздегі жалпыхалықтық референдумның табысты өтуіне байланысты құттықтауын жеткізді.

«Референдум нәтижелері мемлекетті жан-жақты жаңғырту үшін Сіздің басшылығыңызбен қабылданып жатқан шараларды ел азаматта-

рының барынша қолдайтынын көрсетеді. Мұның жаңа Қазақстанды құру үшін зор мәні бар, сондай-ақ елдің келешек дамуының берік негізін қалыптастырады», деді Қытай Мемлекеттік кеңесінің мүшесі.

Қытай министрі екі ел көшбасшыларының дана басшылығының арқасында ҚХР мен Қазақстанның екіжақты қарым-қатынастары үлкен өмірлік күшке ие болатынын атап өтті.

«Төраға Си Цзиньпин Сізбен арадағы жеке достықты және өзара сенімді жоғары бағалайды. Жаңа Қазақстан құру жөніндегі бастамаңыз Сіздің даналығыңыз бен батылдығыңызды көрсетеді. Біз Сіздің бастамаларыңыздың сәтті жүзеге асырылуын толыққанды қолдаймыз», деді Ван И.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ван И аймақтық және жаһандық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты. Олар халықаралық аренадағы, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Ислам ынтымақтастығы ұйымы аясындағы ықпалдас-тықты жалғастыра беруге ниетті екенін айтты.

«Егемен Қазақстан»
газетінен.

Алғыс айтамыз

Жаздың басталар тұсы мен оқу жылының аяқталар кезі – барша оқушыға ерекше көңіл-күй сыйлар кез. Көрікті жерлер көз тартып, еріксіз аяқ бастыра шақ. Жаз бастала түрленген табиғат, тарихи орындар, заманауи ғимараттар, көк майса белдер мен мұнда лап қол бұлғап тұрғандай көрінеді. Көңіл деген көк дөнен байлауын үзіп, бас бермей кеткісі келетіндей. Міне, дәл осындай көңілі алып-ұшқан, білім айдынында құлаш ұрған ізденіске толы оқу жылын аяқтап, бір серпілуге сусап тұрған оқушыларымызды рухани астанамыз - Түркістан қаласына саяхат жасатып, тамыры терең тарихымызбен бір таныстырып қайтқан едік жақында.

Өскелең ұрпақ – ел келешегі, ұлттың жалғасы. Бала болашағының іргетасы мықты болуына, ең алдымен тағылымды тәрбие мен сапалы білім ықпал етеді. Сол себепті балалардың сапалы білім алуы қандай маңызды болса, танымдық деңгейін дамытып, жер тарихынан да хабардар етіп өсіру тәрбиенің бір саласы деп санаймыз. Осы мақсатта оқу жылының аяқталар тұсы - мамыр айының соңында, 1 – маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне орай Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы орта мектеп



басшылығының бастамасымен 5-10 сынып оқушылары еліміздің рухани астанасы Түркістан қаласына саяхаттап қайтты. Саяхат ең алдымен Түркістан облысындағы тарихи, киелі орын Арыстан баб кесенесіне барудан басталды. Бұл жерде баба мүрдесі қойылған ерекше бөлмені көріп, арнайы тілек тілейтін орында болып, Арыстан баб құдығының қасиетті суының дәмін татты. Түскі астан кейін Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесіне саяхаттады. Қазақ хандығының саяси астанасы болған Түркістан қаласын, XV ғасырда Қ.А.Яссауи-ге арнап тұрғызылған кесенесін аралап, ғажайып «Тайқазанды», Ахмет Яссауи мүрдесіне қойылған құлыптасты, жерленген бөлмені, Абылай хан ескерткішін көрді, тарихымен танысты. Одан соң жер асты мешітіне барып, Ахмет Яссауи қылу-етке түскен жерді көздерімен көрді. Шығыс моншасы мен Жұма мешітінде болды, Рабия Сұлтан Бегімнің кесенесін тамашалап, ерекше әсер алды.

Қалаға ерекше көрік беріп тұрған, шығыстық үлгіде соғылған «Керуен -сарайды» аралап, Жібек жолы дәуіріндегі саудагерлер мен қолөнершілер көшесін, Шығыс базарын тамашалап қайтты.

Балаларға базарлық мұнымен шектелген жоқ. Бұл ізгі бастама 1-маусым Халықаралық «Балаларды қорғау күні» мерекесінде өз жалғасын тапты. Мереке «Демур» мәдениет үйінде басталды. Сән-салтанаты жарасқан клуб сахнасында балалар ән айтып, би биледі, түрлі спорттық ойындардан жарысқа түсті, жұмбақ шешіп, рөлдік ойындар да ойнады. «ИНКАЙ» БК» ЖШС бас директоры Е.Қ.Пернеш мырза Тайқоңыр елді мекеніндегі бесіктегі баладан бастап, бітіруші түлектерге дейін тәттілер жиынтығынан құралған сыйлықтар таратты. Сол күні бақытты балалардың сыңғырлаған күлкісі ауыл ішін толтырып тұрғандай көрінді. Қуаныштан жүздері бал-бұл жанған балалар көтеріңкі көңіл-күйде үйлеріне тарасты. Мерекелік кеш соңында балаларға сыйлықтармен қатар тегін балмұздақтар таратылды.


Мектеп оқушыларына осындай көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған саяхатқа тасымалдаушылық қолдау көрсетіп, автобус келігін бөліп, оқушылардың тегін жол жүріп қайтуын өз қаражаттары есебінен ұйымдастырған, 1-маусым – Халықаралық Балаларды қорғау күнінде тәттілер жинағынан сыйлықтар таратқан «ИНКАЙ» БК» ЖШС бас директоры Е.Қ.Пернеш мырзаға, 30 оқушының Түркістан қаласына сахаттауына автобус бөлген «Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» «БК» ЖШС директорының м.у.а А.В. Пыльной мырзаға ерекше құрметпен шексіз алғысымызды білдіреміз. Осы аты аталған мәрт адамдардың қолдауымен, ол кісілердің мектеп оқушыларына деген ыстық ықыласы мен риясыз қамқорлығының арқасында 60-тан аса оқушы екі автобуспен тегін саяхаттап қайтты. Білім алушылардың және олардың ата-аналары, мектеп ұстаздары ұжымы атынан өндіріс басшыларына зор алғысымызды білдіреміз. Жас ұрпақтың тәрбиесіне қосқан үлестеріңіз өз перзенттеріңізге еселенген мерейімен оралсын, жұмыста табысты, абыройлы болыңыздар деген жүрежарды тілегімізді білдіргіміз келеді.

Ботакөз ҚҰЛТАЕВА,

Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Іскерлік журналистика

3 маусым күні еліміздің бас қаласында «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ кеңсесінде, аталған компания мамандарының /менеджерлері/ ұйымдастырумен Іскерлік журналистика, Жария компаниялар 2022: трендтер, капитализация және бедел тақырыбында республика журналистеріне арналған медиа тренинг өтті. Жұмыс күні «Қазатом-өнеркәсіп» прессклубының жұмыс барысымен, кеңсесімен танысудан басталды. Медиа-тре-



Журналистерге арналған медиа-тренинг

нинг «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ» басшылығының алғы сөзімен, аталған акционерлік қоғамның шығу, даму тарихынан сипатталған таныстырылымымен /презентациямен/ басталды. Компания қызметінің маңызды көрсеткіштері бойынша «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның экономика және жоғары жөніндегі басқарушы директоры Ұлан Хасанов хабарлама жасап, түсіндірме берді.

Іскерлік журналистика: жария компаниялардың ерекшеліктері. Атом секторының перспективасы. Беделді басқару және капитализация.

Сөз бен қаржы арасындағы тікелей байланыс феномені бойынша белгілі медиа тренер Айбар Олжаев семинар — тренинг жүргізді. Тренер Айбар Олжаевтың кәсіби шеберлігі, қазақ тілінде өндірістік, экономикалық, қаржылық, кәсіби терминдерді салыстырмалы түрде пайдалана отырып тақырыпты ашып, жеткізе білуі журналистерді тәнті етті. Отандық жалпы әлемдік өндіріс саласы, ірі кәсіпорындар туралы дайындайтын материалдарға жаңа бүгінгі заманауи талапқа сай әлемдік маңыздылық бере отырып, халыққа түсінікті

тілде мақаланы жеткізе білу тәсілдеріне баса назар аударылды. Сонымен қатар, «аудиттелген қаржылық есептілік, цифрларды қалай оқу керек...» бойынша да бірқатар түсіндірме, мағлұмат алдық. Дегенде, әр саланың өзіндік бағыт, бағдары, жүйесі болғандықтан оны түсініп халыққа дұрыс, нақты, ақпарат беру үшін осындай семинар тренингтер керек ақ екен. Айта кеткен жөн болар, медиа тренинг өте жоғары дәрежеде ұйымдастырылған.

Нуржамал МАЙУСОВА.

24 маусым - Судья және сот қызметкері күні

Әділ іс ағын судың арнасындай

Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесі «судья және сот қызметкері күнімен» толыққаны баршамаызға мәлім.

Құқықтық мемлекетте барлық қарым-қатынастың заң арқылы реттелетіні белгілі. 2000 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңы қоғамдағы үшінші биліктің қызметін нақтылаған ең негізгі құжаттардың бірі болып табылады.

Адам өмірінде құнсызданбайтын бір-ақ нәрсе бар. Ол – білім. Қай дәуірде, қай замандарда өмір сүрсенде білім өз құнын жоғалтпайды. Ал, судьяның қызметі сол біліммен ұштасып жататын өмірлік құбылыс іспетті.

Сонымен кері шегініс жасап, 1928 жылы Созақ ауданы құрылғалы бері сот саласында жұмыс атқарған Судья және сот қызметкерлеріне тоқталар болсақ.

Созақ аудандық сотында төраға қызмет атқарған судьялар:

1928-1930 Темірбаев Абдул;
1930-1932 Естемесов аты жөні толық сақталмаған;

1932-1934 Танкеев Төке;
1935-1938 Ошақбай аты жөні толық сақталмаған;

1939-1940 Бижігіт;
1941-1942 Омаров Балтабай;

1951-1952 Оразымбетова Күлнәде;
1952-1960 Құлбашов Еркінбек;
1961-1965 Төреғелдиев Сейілбек;

1961-1965 Қожамқұлов аты жөні толық сақталмаған;

1961-1965 Қалыбаев Әлішер;
1965-1982 Қылышбаев Қараман;

1982-1987 Смайлов Есенбек;
1987-2002 Ескендір Роза Әбдіразаққызы;
2002-2007 Балкен Темір;

2007-2011 Әділ Өсімбек Бөрібекұлы;
2011-2016 Нұрғали Құламқадырұлы;
2016-2020 Шетенев Нұрқазы Бектайұлы;

2021 жылдың маусым айынан бастап, қазіргі таңға дейін Дәуренбеков Ақылбек Сергейұлы Созақ аудандық сотының төрағасы қызметін атқарады.

Созақ аудандық сотында қызмет атқарған судьялар:

1. 1993 - 1996 Нәлібаев Алпысбай Балғанбекович;

2. 1996 - 1998 Үйсінбаев Әбдіразақ;
3. 1998 жылы судья Таханов Марат;

4. 1999 Бекжанов Берік Айдарбекұлы;
5. 2000-2006 Құдайбергенов Батырхан Қожахметович;

6. 2007-2012 Махамбетов Пазылбек Әбзібайұлы;

7. 2012-2014 Қонысбаева Динара Махмудовна;

8. 2015 жылдың ақпан айынан бастап, қазіргі таңға дейін Сағынтаев Бекжан Лесбекұлы.

Сот хатшылары, кеңсе меңгерушілері
1984-1987 жылдары сот хатшысы Жүнісбекова Гүлнар;

1987-1990 жылдары Сматава Эльмира;
1986-1996 жылдары Рысбекова Злиха;
1991-1994 жылдары Аширбеков Сәкен, Абжанов Фани;

1995-1999 жылдары Түкебаева Ұлжан, Айдарова Гаухар, Айдарова Нұргүл, Тоқпанбетова Айман, Бегайдарова Жанар;

1999-2010 жылдары Тоқпанбетова Жанат Сұлтанбайқызы, Дүйсенбекова Зәуре, Мүлкібаев Ерлан, Тұрмаханов Мақсат, Абдрахманов Бақытжан, Аяпов Батыр, Аязов Алмас, Бейсебек Намазбай, Нәлжігітов Алтай, Исаева Ақнұр, Анарбаев Арман, Атаев Асыл;

1995-2005 жылдары кеңсе меңгерушісі-Халилова Малика Шамилқызы;

2005-2012 жылдары кеңсе меңгерушісі - Отаубаева Айгүл Бахрамқызы;

2012 жылдың сәуір айынан бастап, бүгінгі таңға дейін кеңсе меңгерушісі - Тоқпанбетова Жанат Сұлтанбайқызы.

Қазіргі таңда қызмет атқарып отырған сот қызметкерлері аға сот приставы – Сыздық Тажбен, бас маманы Құралай Көбетаева, Р.Ж.Матен, бас маман сот отырысының хатшылары-А.Б Тұржанова, Д.К.Абдиева, А.Аманбекова, жетекші маман мұрағат меңгерушісі Бақдәулет Жұпарбай, іс жүргізіші –Н.Нұрланқызы.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамуына үлес қосқан барлық судьялармен сот қызметкерлерін мерейін өсірген бұл кәсіби мерекемізбен құттықтағымыз келеді!

Бекжан САҒЫНТАЕВ,
Созақ аудандық сотының судьясы.

Жер-ортақ үйіміз



Қоршаған орта-адамзат үшін маңызды

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні деген айтулы мереке әлем бойынша жыл сайын аталып өтіледі. Біздің елімізде де «Жасыл аймақ», «Жасыл белдеу» деген атаумен мемлекеттік деңгейде түрлі экологиялық ахуалды оңалтуға арналған шаралар жүзеге асырылып келеді. Тарихқа көз жіберсек, бұл атаулы күнді сонау 1972 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы құрған. Осы айрықша күн, негізінде БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі конференциясының (Стокгольм, 1972) ашылуымен негізделген.

Аталмыш конференцияда барлық мемлекеттер қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған қызметінде басшылыққа алатын 26 қағиданы қамтитын декларация қабылданды. Қазіргі және болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны қорғау және жақсарту адамзаттың басты міндеті екені алғаш рет жарияланды.

2022 жылғы Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнінің тақырыбы - «Тек бір Жер». Ол табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің тұрақты үлгісіне арналған. Адам - табиғаттың ажырамас бөлігі. Табиғат пен адам қатар ұғым. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Адам табиғатты қасиет тұтуы керек.

Табиғат тіршіліктің құт - берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі әлем бойынша нашарлап кетті. Табиғатты қорғау, сақтау қазіргі жастардың қолында. Қазақ халқында табиғатты құрмет тұтады. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп-өніп, жетілген. Табиғат - ырыздықтың, ырыс пен мол қазынасының қайнар көзі, адам денсаулығының сенімді сақинасы. Қазіргі табиғаттың ластануы үлкен - мәселе. Бұл барлық дүние жүзінде қарас-

тырылуда. Табиғат-сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік, айтып жеткізе алмайтын қыры мен сыры мол құбылыс болғанымен қазір сол табиғат нашарлап, ластануда соның салдарынан адам өміріне қауіпті жағдай тудыруда. Біз табиғаттағы әрбір жайқалып тұрған ағашқа қамқорлық танытуымыз қажет. «Бір тал кессен, он тал ек», «Жер құтты болса, мал сүтті болады»-демекші, айналамызда табиғаттан лас иісті, ауру тудырушы бактерияларды жоюшы тал, жасыл желек. Егер осы мәселе қаралмай қала берсе төңірек ластанып кетеді. Табиғаттың зардаптарына төтеп беру үшін табиғатты ластамай қорғауымыз керек. Осы мақсатта ауданымызда орналасқан «АППАҚ» ЖШС қоршаған ортаны қорғау саласында оң мәдениетті қалыптастыруға көңіл бөлуге ұмтылады. Қоршаған ортаны қорғау қоғам үшін басты стратегиялық басымдықтардың бірі болып сана-

лады. «Аппақ» ЖШС әлемдік экологиялық қозғалысқа қосылып, осы игі миссияға қол жеткізуге жеке үлесін қосты. Осының негізінде қоршаған ортаны қорғау, экологиялық білім беру және компания қызметкерлерін ақпараттандыру бойынша жағында айтулы мереке қар саңында мәдени-көпшілікке арналған іс-шара өткізді.

«АППАҚ» ЖШС-нің Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған іс-шаралар жоспарына сай «Жер ана-біз үшін қымбат!» деген бастамамен

2022 жылдың ұраны саналатын «Тек бір жер» ұраны аясында серіктестік қызметкерлерінің «Қазатомөнеркәсіп-25 жыл жерге қамқорлық!» тақырыбындағы «РИТМ» корпоративтік бағдарламасын ұйымдастырды. Сондай-ақ, (қосылу үшін корпоративтік мессенджерлер сілтемелерін жіберу), «Батыс Мыңқұдық» кенішінде жасыл желек отырғызу мақсатында қоғамдық жұмыс күні ұйымда-

стырылып өткізілді. Осы күні мекеме қызметкерлерінің экологиялық сауаттылығы бойынша сауалнама жүргізілді. Сайтты анықтау – сертификат беру арқылы жеңімпаз, Серіктестік шеңберінде экологиялық бағыттағы ақпараттық және жарнамалық материалдарды дайындау және тарату, Бас директордың Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған үндеуінің ақпараттық тақталарында орналасуы, Кеніште Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған үстел теннисі, бильярд және тоғызқұмалақ сияқты спорт түрлерінен жарыс өткізілді. Мерекелік шара қортындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. Әрине, жеңімпаз қызметкерлер басшылық тарапынан марапат пен зор құрметке ие болды.

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.

Спорт

Жақыптың жерлестері жеңімпаз атанды

Мамыр айының 25-30 аралығында еліміздің астанасы Нұрсұлтан қаласында «Қазақ арланы» бокс клубының ашылуына орай бірінші, ашық Республикалық чемпионат болып өтті. Елімізге танылған боксшы Мейірболат Тоитовтың клубының ашылуына орай өткен бұл біріншілікке бар-жоғы 20 команда барып қатысқан. Оның да 10-ы облыс орталықтары болып табылатын ірі қалаларға тиесілі болса, қалған 10-ы елордамызға жұмыс жасап тұрған бокс клубтарына тиесілі командалар. Жалпы, 2007-2008, 2009-2010, 2011-2012 жылғы балғын боксшылар арасында өткен бұл біріншілікке жоғарыда аталған 20 команданың сапында 300-ге жуық оқушы қатыстырылды. Әрине, өзге де спорт түрлерінен облысымыздың намысын абыроймен қорғап жүрген Созақтың саңлақ спортшылары бұл жолы да Түркістан облысының абыройын арқалап, Сарыарқаның хақ төрінде өтіп жатқан Республика біріншілігіне де барды. Созақ боксының іргетасының қалануына, дамуына ерекше үлес қосып жүрген жасампаз жаттықтырушы Сармантаев Самат Жетілгенхұлы бастап барған 8 боксшымыздың 6 жұлделі орындардан көрініп, ауданымыздың ғана емес, облысымыздың да абыройын асқақтатты. Нақтырақ айтар болса, 26 келі салмақ дәрежесінде қолғап түйістірген Ескендірхұлы Айдос II орынды иеленіп, күміс медальды алғашқы болып аудан және облыс қоржынына салды. Мұнан кейін 30 кг салмақта сынға түскен Самат Сармантаевтың жаттықтыруындағы Ниетқабил Қазбек турнирдің чемпионы атанды. Саматтың тағы бір шәкірті Оңайбек Мағжан 38



келі салмақта өнер көрсетіп I орынды иеленді және үздік техникалық боксшы атанды. Ал, Аққолтықтық жаттықтырушы Бейсекұлов Дәуреннің шәкірті Орынбасар Саят 48 кг салмақта I орынды иеленіп, турнирдің чемпионы атанды. Сондай-ақ, Созақтық Асқар Атабаев жаттықтыратын Тоғанбай Азамат 44 келі салмақта қолғап түйістіріп, күміс медальдың иегері және турнирдің үздік боксшыатанды. Айта кететін жәйт, турнирдің үздік техникалық боксшысы атанған Оңайбек Мағжан да үздік боксшысы атанған Тоғанбай Азаматымыз да қазақтың даңқты боксшысы Серік Сәпиев пен турнирдің өткізушісі Мейірболат Тоитовтың қолынан медаль тағынып, марапатталды. Ал енді, Самат Сармантаевтың өз ұлы, шәкірті 30 кг салмақта өнер көрсетіп, жұлделі III орынды иеленді. Осы орайда, Біржан Жақып

ағаларының ізінен ерген Созақтық жасөспірім боксшыларымызды елордамызда өткен «Қазақ Арланы» ашық Республика біріншілігіне баптап, бастап барған жаттықтырушыларымыз жол шығынын көтеріп, демеушілік жасаған аудандық БЖСМ-нің ұжымына және ата-аналарға алғысын білдіріп, рахметін айтады.

Әне, ағайын! «Ат аунаған жерде түгі қалады» деп, Біржан Жақыптай әлем чемпионы шыққан топырақтан түлеген Теріскейлік былғары қолғап шеберлері аудан-облыс атынан байрақты бәсекелерге қатысып қана қоймай, турнирдің чемпиондары әрі турнирдің үздік боксшысы, үздік техникалық боксшы атағын қоса қанжығаларына байлап қайтуда. Қараңыздар, командалық есепте тек бір-екі елордалық клубтарды ғана алға жіберіп, ауданнан барса да кілең «сен

тұр, мен атайын» спортшылар қатысқан аламанда атой салған Созақ арландарының еңбегін қалай дәріптесек те жарасады. Сонау, 2013 жылы Мақұлбеков Бәкендей қолы ашық, жаны жомарт ағамыз алып берген бокс рингін 10 жыл бойы жамап-жасқап, үзілген жерін жалғап жүргендері, жарасын жалап жазған созақтық көк бөрілеріміздің ірі турнирлерде чемпион атанып, тіпті, үздік техник, боксшы болуларына кедергі бола алмауда. Дегенмен, егер аудан әкімі, ауданымыздан шыққан меценат азаматтарымыз елеп-ескеріп, Бәкен ағамыздың ерлігін қайталап, заманауи үлгіде жасалған су жаңа ринг сыйлап жатса нұр үсіне нұр болар еді. Бәлкім, бүгін Республикалық турнирлерде чемпион, үздік техник-боксшы атанып жүрген балғын боксшыларымыз болашақта Азия мен Еуропа, Әлем және Олимпиада ойындарының жеңімпаздары атанбасына кім көпелі? Тіпті, Бақтияр Артаев ағаларына ұқсап, Баркер кубогының иегері атанып жатпасы неғайбыл? Ендеше, ертең еліміздің атын шартарапқа шығаратын, балғын былғары қолғап шеберлеріне көңілді бүгіннен бастап бөлейік. Олимпиада ойындарына кіретін, қазақтың оғандары ойып тұрып орын алып кеп жүрген, Біржан бауырымыз секілді былғары қолғап шеберлерін шыңға шығарып жүрген осы бір сақа спорт түріне ерекше көңіл бөлген жөн деп білемін. Ол үшін әрине, бұқара батасын беріп, биліктегілер де бюджетін есіркемегені дұрыс шығар! Сөз соңында айтарым, Созақ спорты дамып, даңқы арта берсін!

Данияр БЕК.



Балалар жылы 2022

Биылғы жылды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Балалар жылы» деп жариялауына байланысты жер-жерлерде, астана мен айшықты қалаларда балаларға арналған түрлі шаралар өткізіліп жатыр. Солардың бірі, бірі емес-ау бірегейі, ұлттық өнерімізді насихаттаушы І республикалық балалар мен жасөспірімдердің «Домбыра-Дастан» байқауы. Осынау дүбірлі сайысқа Созақ елінен қатысқан, кешегі Бапыш, Сүгір, Төлеген, Жаппас, Генерал сияқты дәулескер күйшілер мен Құлншақ, Құлжабай сынды тума талант баларымыздың сынығы іспетті, жас таланты Дарын Дәуренұлы Әліпбек



өзінің ойын білдірді. Басқа біреу болса «Пұл болмаса, күл болсын» деп өз тіршілігімен әуре болып жүрер еді. Ал Әліпбек ағамыз қашан көрсең қалам ұстаған жандарға жанашырлық танытып, қамқор болып жүреді. Ал жұлдегер баламыз сол аламан сайысқа жүрер алдында Баба Түкті Шашты Әзіз, Ысқақ бап, Сүгір мен Төлеген бабаларының басына зиярат жасап, зор қуаныш, мол жігер, қарымды қуатпен аттанған екен. Мүмкін бабалар рухы қолдау білдірген болар! Дарын жас түлек, ұстаздарының айтуына қарағанда құйма құлақ, бір естіген күйін ырғағын бұзбай сол қалпында қайта орындап береді екен. Атақты Құрманғазы, Тәттімбет, Динара Дәулеткерейді айтпағанда Созақтан шыққан Бапыш, Қожамжар, Сүгір, Файзулла, Төлеген, Генерал, ағайынды Жүзбаевтар

Теріскейлік талантты жас топ жарып келеді

жұлдегер атанып елге оралды. Болашағынан зор үміт күттірер, киелі де құт мекеннің перзенті, жас талап Дәурен ұлы Дарын Әліпбек жақында өз мәресіне жеткен «Домбыра-Дастан» жас домбырашылар байқауында екінші орынды иеленді. Созақ елінің түлегі, «Шаттық-2022» конкурсының бас жұлдегері, «Таным» мектеп-лицейінің 5 сынып оқушысы, бүкіл елге, атамекен Теріскей жұртшылығына зор қуаныш сыйлады. Енді сол аталмыш байқаудың қорытынды сәтін тағы бер естеріңізге сала кетейін.

Мамыр айының соңғы аптасында Алматы қаласында І республикалық балалар мен жасөспірімдер «Домбыра-Дастан» атты домбырашылар байқауының жеңімпаздарын марапаттауға арналған гала-концертті өтті.

Мерекелік іс-шара Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының үлкен залында өтті. Кеш бойы қонақтар үшін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті. Қоюшы режиссері-Қордың үлкен досы, белгілі композитор Ренат Гайсин болды.

Байқауда құрметті қонақ ретінде мемлекет және қоғам

қайраткері, меценат, саяси ғылымдар докторы Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов болды.

Ашылу салтанатында сөз алған «Сәби» қорының президенті Әсел Тасмағамбетова өз құттықтауында: «Домбыра-Дастан» байқауының негізгі мақсаты – жеті түрлі күй мектебін дәріптеу және жас дарындардың талантын ашу болып табылады.

Биыл «Сәби» қоры өзінің 20 жылдығын атап өтуде. Осы жылдар ішінде біз түрлі бағдарламалар мен іс-шаралар аясында 1200-ден астам жас таланттарды қолдадық. Мен осындай бастамалардың арқасында болашақта еліміздің имиджін көтеріп, Қазақстанды бүкіл әлемге танытатын әртістер пайда болатынына үлкен үміт артамын. Финалистер арасында Дина Нұрпейісова, Нұрғиса Тілендиев және Қаршыға Ахмедияров сияқты ұлы күйшілердің лайықты ізбасарлары бар екеніне сенімдімін, деді.

Консерватория сахнасынан белгілі домбырашылар мен күйшілер Сәкен Тұрысбеков, Абылай Тілепберген, Айгүл Үлкенбаева, Салтанат Құдайбергенова, Асылбек Еңсепов, Нұркен Әшіров, Танат Сәденовтің орындауында, еңбек

сіңірген дирижер және композитор Айтқали Жайымовтың жетекшілігімен қазақтың ұлы күйлері шырқалды. Музыканттар «Күй-тартыс» қойылымы кезінде аспапты асқан шеберлікпен игергендерін көрсетті. Халықаралық байқаулардың лауреаты Ержан Максим қонақтар үшін арнайы «Домбыра туралы баллада» композициясымен өнерін көрсетті.

Сонымен, байқау жеңімпаздары:

Кіші топ: Гран-при мен 8 миллион теңге көлеміндегі гранты-Даулетбай Аянаға, 1 орын мен 6 миллион теңге көлеміндегі гранты-Сәрсенғазы Айтұмарға, 2 орын мен 4 миллион теңге көлеміндегі гранты-Әліпбек Дарынға және 3 орын мен 1 миллион теңге көлеміндегі гранттары Тукулов Азамат пен Құрманжан Әсетке бұйырды. Үлкен топта Гран-при мен 8 миллион теңге көлеміндегі гранты – Сағатбек Нұрдаулет, 1 орын мен 6 миллион теңге көлеміндегі гранты – Жанатбек Бақдаулет, 2 орын мен 4 миллион теңге көлеміндегі гранты Әбдіжәлі Бекнұр, 3 орын мен 2 миллион теңге көлеміндегі грант – Саят Нұрәли иеленді. Дарынның әкесі Дәурен банк қызметкері.

Анасы Майра медик. Ал атасы Әліпбек жол саласында бүкіл ғұмырын өткізген, ауданның Құрметті азаматы, Құрметті жолшы, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары. Әжесі Раушан орыс тілі пәннің мұғалімі, қазір зейнеткер. Дарынның атасы мәдениет және өнер жолында жүрген жандардың қамқоршы іні-қарындастары, Кезінде Әліпбек ағамыз Маханбет Жәмеков, Аманжол Найманбаев, Тәкен Әлімқұлов сияқты қазақ халқының даңқты ұлдарының қасында жүрген, сол елдің айтулы да айбарлы ұлдарының ұлағаты әңгімесін тыңдап, жанына жақын тартқан азамат. Мүмкін сол кісілердің әрауығы қолдап, дастархан басында, киелі орындар басында айтқан тілектері мен ниеттері қабыл болған шығар деген ой келеді. Осы тұста Әліпбек ағамызды, үйіне келген қонаққа дәм татырмай жібермейтін Раушан жеңгеміздің қалайша өнерге қатысы жоқ деп айта аламыз. Меніңше әбден қатысы бар деп білемін. Өзім күе болғанымды айтсам осы таяуда ғана Әліпбек ағамыз газет редакциясына келіп жергілікті ақын Рахметолла Бөлтөкбаевтың шығармашылығын насихаттау төңірегінде

әулеті де қазақтың төкпе, шертпе күйлерін атадан балаға жалғастырып, осы заманға жеткізді емес пе? Айтқандай Дарынның ұстазы Ардақ Елеусіз «Дарын» жастар сыйлығының иегері, «Мен қазақпын!» тележобасының жеңімпазы. Байқауға қатысқан төрт мың үміткерден оза шауып бәйге алған дарынды жас талант кешегі өнерлі балалар жолын жалғастырушы десек қателеспеспіз. Айта кетерлігі бұл жас домбырашылар байқауын ұйымдастырушы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, мәдениетіміз бен төл өнеріміздің жанашыры Иманғали Тасмағамбетов ағамыздың қызы Нұрғалиқызы Әсел екенін де көзі қарақты оқырмандар біле жүрсін. Таланты жастың дарынды да даңғыл жолына сәттілік тілейміз! Осындай ұлқыз, талантты немере тәрбиелей білген Әліпбек ақсақалды, жалпы аудан жұртшылығын дарынды жерлесіміздің ұлан-асыр жетістігімен құттықтаймыз! Түп қазығы теріскейлік Дарын баламыз тіп-көзден аман болып, дарыны асқақтай берсін деп тілейміз!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Менің туған жерім туып – өскен ауылым Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы. Мен өз елімді, өз жерімді жақсы көремін. Өскенде өз ауылымның әрі қарай дамуына, өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді.

Мен қай уақытта болсын өз ауылымды, өз халқымның салт-дәстүрін, тұрмыс тіршілігін мақтан тұтамын. Созақ ауданы киелі тарихи орындарға толы. Қазақ Хандығы осы жерде құрылса аңызға айналған Баба Түкті Шашты Әзіз, Ысқақ бап, Қарабура, Ақбикеш, Келіншеқтау, Қаратау, Қызылкөл осы жерде, осы ауданда сазгер Шәмші Қалдаяқов, әнші Нұрғали Нүсіпжанов: «Қаратау, Келіншеқтау, Шолаққорған, Қызылкөл босамайды қонақтардан» - деп, әнге қосқан жер – осы менің ауылым. Менің ауылым төрт түлік малға бай. «Қызыл кітапқа» енген аң – құстар мен шөптердің мекені. Сонымен қатар біздің ауданнан Сұлтанбек Қожанов, ғалым Ісмет Кеңесбаев, жазушы Тәкен Әлімқұлов,

Туған өлкем-қандай көркем

Асқар Сүлейменов, Төлеген Тоқбергенов, сазгер Якуда Амандықов, Марат Омаров, күйші Сүгір Әлиев, Жаппас Қаламбаев, Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров сияқты ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ақын – жазушылар, түрлі өнер иелері шыққан. Мен Тәуелсіз елдің ұрпағым! Өткен жылы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аталып өтті. Өмір бойы балалар аңсап өткен күнге біздің қолымыз жетті. Қазір аудан орталығындағы Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ – мектебінің 4 «В» сынып оқушысымын. Ұстазым Көшербаева Фалия апай. Биылғы жыл «Балалар жылы» деп аталып отыр. Біз мәңгілік елдің баласымыз. Мен бұған өте қуаныштымын. Өйткені біздің елімізде ең бірінші денсаулық пен білімге, тазалыққа көңіл бөлінген.

Біз үшін бар жағдай жасалған. Тазалықты сақтау мақсатында «Жасыл ел» бағдарламасының ұсынылуы тәуелсіздіктің арқасы. Ауылымыз күннен – күнге көркейіп өсіп келеді. Кейбір шағын қалалардан кем емес. Балалар үшін ойын – сауық алаңдары, су бассейндері, спорт кешені, саябақтар бар. Өзім «Бокс» секциясына барамын. Ауылымыздың қысы қатал, жаз, көктем мен күзгі табиғаты керемет. Біз қыста шанамен сырғанаймыз. Аққала жасап ойнаймыз. Жазда атаммен бірге екі інім төртеуіміз жайлауға малды ауылға барамыз. Қарт Қаратаудың табиғатын тамашалап тауға шығамыз, долана тереміз, түрлі емдік шөптерді жинаймыз. Таудан төмен қарай аққан суды тамашалап бұлағынан су ішеміз, ағынды суға шо-

мылып денемізді күнге күйдіріп, рақаттанып саяхат жасаймыз. Таудың төбесіне шығып таза ауамен еркін демалып отырып атамның әңгімесін тыңдаймыз. «Атам бізге бұл тауда арқар, киік, таутеке, түлкі, қасқыр сияқты аңдардың болатынын, бұлбұлы сайрап, кекілігі ойнап, бұлдырығы жорғалап жүретін құстары мен адам қолы жетпейтін тау шыңына бүркіт ұя салады» - деп бізді қызықтыра әңгіме айтып береді. Ал қазір сабақтан бос кезімізде аудан орталығындағы кітапханаға, Сұлтанбек Қожанов атындағы мұражайға барып түрлі іс – шараларға қатысамыз. Туған ауылымның мен үшін ойы да, қыры да, тасы мен құм да, күні мен түні де, қысы мен жазы да бәрі де жақсы. Ойымды қорыта айтатын болсам, туған жердей жер, туған елдей ел болмайды, ауылым – алтын бесігім!

Қуаныш АСПАН,
Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-
мектеп лицейінің 4 «В» сынып
оқушысы.

Мен ақын емеспін

Менен біреу сұрайды,
Өлең жазып жүрсің бе? -деп.
Екі сөзді әркім құрайды,
Ей жүрегім күрсінбе көп.

Өлең жазғым келеді көңіл қошта,
Мен бірақ ақын емеспін
Мені қолдайтындар таласпа босқа,
Тұңғығына ендім,
Мен білмейтін елестің.

Мен ақын емеспін,
Күйзелем күрбің тірлігі барға.
Ойыммен шыңға теңесем,
Қалай айтарымды білмеймін,
Анық қой, анық жығары жарға.

Мен көп нәрсені айта алмаймын,
Өткендер айтқан, дана ғой карттар.
Мен бұл өмірде байқалмаймын,
Қаратаудың қия құзындай,
Өмірім менің қатпарда қатпар.



Бақыт тіле шабыт тіле құрбыңа,
Кілтін берші мына өмірдің құлпына.
Қайран да, қайран өмір ай,
Сергектік берші саналы менің жұртыма.

Бірге оқыдық бақыт іздеп арманмен,
Мына өмірдің сырын іздеп аңсаумен.
Арманыңның шыңына сен жол тарттың,
Ал мен болсам жүрмін әлі аңсаумен.

Мен сендермен мына өмірде мақтанам,
Шүбәсіз сен, ал сенбесең соқ маған.
Қай кезде сен көріп едің жігіттің,
Осалдығын елі сүйіп мақтаған.

Алла сүйіп бақытты еткен адамды,
Сезім сенің нұр толтырды санаңды.
Жаны таза, жүрегі нұрлы адамдар,
Елің берсін, сыршыл досым бағаңды.

Бірге жүрдім, бірге оқыдым кімменен,
Қаншама адам болды бізді күндеген.
Менің ойым, бар болмысым тілеуім,
Бақытқа жет, Сәке өзің іздеген!

Өлең жазғыш келеді көңіл қошта

Аққайың

Мен көрдім аққайыңның жылағанын,
Мен бірақ мұның не деп сұрамадым.
Дауыл ма нәсер жауын әсері ме,
Қаламаймын бәйтерек құлағанын.

Өмірдің құдіретінен айналайын,
Кетемін ауық-ауық ойға дәйім.
Кімге айтам, кімге жылап, мұң шағамын,
Мүсіркеме, бірақ та сұрамаймын.

Ақ қайың сен биіксің сұлу мүсін,
Сезімді босқа алдама мені түсін.
Сен биіксің сонда да бас иесің,
Сұлулық, сөзімталдық сенің күшің.

Неге жылап тұрсың сен ақ қайыңым,
Түсінем бұл қалай деп сұрамаймын.
Сенің мұңың жаныма батса да егер,
Кішімін, кісілікпен жыламаймын.

Өмір шіркін кәусар-ау білген жанға,
Терең түсін жаныңды босқа алданба.
Әбіржіме қайтесің өзеуреме,
Не жаман мен жайсаң бар үлкен жолда.

Өткендердің бәрі паң

Үлкен жолда мен келемін ойланып,
Жеткізе алмай өзгелерге ойды анық.
Қасиетті қазынам бұл қара тіл,
Қалғандаймын жалғыз сөзге байланып.

Айналайын қара тілім қазынам,
Сен емшісің не дерттен де жазылам.
Ардақ тұтып қадірлеген бұрынғы,
Өткендердің бәрі паң.

Сөз қадірін сөйлей алған біледі,
Пәк сезімге толы-ау шіркін жүрегі.
Жалғыз ауыз нақты айтылған сөзімен,
Қисықты да, қыңырды да түзеді.

Айналайын, абыройым ардақтым,
Жалғастырар үзілгенін жалғап кім.
Қасиетін қара тілдің ойлансаң,
Көтеріп жүр ең ауырын салмақтың.

Қинама жаным қинама,
Күз келіп жапырақ жиғанда,
Көктемді күтіп аңсаймыз,
Қысылма қалқам ойланба.

Қыс келер әппақ ақ маңдай,
Маужырап дүние жатқандай.
Сәбилер жүрер таңырқап,
Төрт мезгіл сырын ақтармай.

Өмірдің сырын білмейміз,
Қыс емес, көктем, күздеміз.
Пендеміз шіркін қайтөміз,
Көз жұмғанда бірдейміз.

Мені түсін

Отырамын телміріп терезеге,
Өзіңді ойлап аяулым қызып дене.
Сона-ау жылдар жоғалтып алыппын ау,
Өзіңді аңсап жүремін енді неге.

Жел соқса тереземді алаңдаймын,
Бірақ сені бұл маңнан таба алмаймын.
Көңіліңнің есігін қатты жаптым,
Жаныңа жақынырақ бара алмаймын.

Өзіңді аңсап үмітім өліреді,
Ойымдасың жүрегім егіледі.
Жаралғандай ақ сезім таңғы шықтан,
Мәлдір тамшы жүректен төгіледі.

Кешірмейсің білемін қатулысың,
Сол күнгі тірлігіме ашулысың.
Жаралы жолбарыстай ыңыранам,
Сезіміме батқандай азу тісің.
Кешіре алсаң аяулым кешір мені,
Кінәлама, қайтесің мені түсін.

Абайла жаным абайла,
Үйіңде дауыл тұрмасын.
Жайқалып өскен гүлдерді,
Мезгілсіз қазан ұрмасын.
Кіммен бірге жүрсеңде,
Болмасын жауыз сырласың.

Сыныптасым-сырласым

(Сатыбалды Нарымбетовке)

Қиялыммен мен өткенмен сырластым,
Бал дәуренді, сол бір шақты қимасын.
Бірге жүрген, бірге оқыған құрбылар,
Пәк сезіммен келер менің сырласқым.

Өмір өзен өткел тауып өтерсің,
Малтымасаң толқынына кетерсің.
Сен жағада тұрып қалсаң амалсыз,
Тағдырыңа ренжіме нетерсің.

У ішіп жүрмін тағы ішемін,
Құлымыз біз іштегі күшігеннің.
Не айтасың айтшы сен ақылдысың,
Кім болсаңда әйтеуір түсіме ендің.

Тірлігім осы менің махаббат па,
Жас келген соң түсіп тұр ең қымбатқа.
Өтірік-ау тәні сұлудың жаны сұлу,
Жауап таппай қиналам бұл сұраққа.

Кейде мен өз-өзімнен қиналамын,
Кетсем ба деп бір жаққа жиналамын.
«Бір есіктен өзіңмен кіріп-шықсам»
Деген сөзге ой тоба-ай ойланамын.

Ашылар кезі болар құлыптыңда,
Ойың «ерек» жассың ғой мені тыңда.
Сезімнің сергелдеңің серік еткен,
Не қауқар қалды екен мен байғұста.

Ұлылық не, айтшы өзің мен білмедім,
Сенесің бе сөзіне көргендердің.
Мен дұшпанның білмедім кім екенін.
Ащы сөзге уланып, өртенбедім.
Құдіретінен өмірдің қуат алам,
Қиындықтан қаймығып сескенбедім.

Келші маған қайта айналып көктемім,
Ақ жауынның көрейіні жерге нәрін сепкенін.
Алай-дүлей жаным тулап жатырмын,
Ессіз ғұмыр еске түсіп өткенім.

Аялапты, әлдилепті әппақ күн,
Білмеппін-ау, сезбеппін-ау мен кіммін.
Ойға оралса өртенемін өткенім,
Неге бұлай ессіз ғұмыр кешкенмін.

Сүйіп едім сұлу сезім арманды,
Пәк жүрегім неге бұлай алданды.
Суға кеткен тал қармайды көріндей,
Не өтермін мына опасыз жалғанда.

Сырт-сырт соққан сағат тілі секілді,
Дүрс-дүрс соғып ат ойлайды жүрегім.
Кейде баяу, кейде қатты бір түрлі,
Соғасың ба, тоқтайсың ба өзің біл.
Қабакты қату көрсетпей,
Қинамай мені ала бер
Өзіңнен Алла тек осыны тіледім.

Бұл өлкеде боран қатты соғады,
Сұп-суық жел градусыда жоғары.
Алай-дүлей болса-дағы бұл аймақ,
Ұшқан құсың қайта айналып қонады.

Пернебай ӨТЖАНОВ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.